

О. Абділдаев

Өмірсерік

өнер

О. Әбділдаев

Өмірсерік

Ел іші — өнер кеніші

Халық таланттары туралы толғау

Алматы
«Өнер»
1983

18689-84



Әбділдаев Орысбай.

Ә 14 Әмірсерік: Халық таланттары туралы толғау.— Алматы: Өнер, 1983.—108 бет.

Бұл кітапта автор жан дүниесін ән әлдилеп, көңілдерінен күй төгілген өнерпаз еңбеккерлер жайлы ой толғанады. Бүгінде байтақ республикаға аттары әйгілі болған ән-күй тарландары мен енді-енді өнер көгіне самғаған жастардың халық көңілін баураған баянды творчествосы сыр боп төгіледі. Өнерді мұрат тұтқан ауыл адамдары еңбектегі ерлікке бастар шабыт шуағын шашады.

Қаз 2

А2 491200000—110 6—83
409(05)83

© «Өнер» баспасы, 1983

ШАБЫТТЫҢ ШАҢҚАЙ ТҮСІ

Орнымнан мен тұрайын,
Белді бекем буайын.
Келші, жаным, Әлімқұл
Бір әңгіме сұрайын...

Ж а м б ы л

Ақтылы қой өргізген аудан шопандары автоклуб біткенді асыға күтетіні белгілі ғой, Әлімқұл аға! Ұзақ күнге қоғам малын баққан, отар иесі бір мезгіл кино көріп, ән-күй тыңдап, көңілін көтергісі келетіні хақ. Оны кезінде бір отар қой баққан мына інішегіңіз де бастан өткерген. Сіздің жайлау төріндегі бүгінгі шырқалар әніңіз, суырыпсалма жыр-маржандарыңыз сонау бір жылдардағы бала қойшының күнделігіндегі естелік-сырына шым-шым батырып барады...

Мақпал көкке тұнған жайлау үстін қызық-думан матап алған салқын кешті сағынып жүргенімді жасырмаймын. Табанды қытықтаған қыналы тастан төңіректің төрт бұрышын түгел шолып отыратын бала қойшы қалай қуанды сонда. «Бесқонысты» айналып барып бата-тын таудың күні қырсығып, бақырайып тұрып алды. Майтөбенің шығаберіс тепсеңіне қоныс тебуге әуес әкеме мың рақмет! Түйеші Әбу Саркөбекөв ағайыны қасында бірге көшіп жүрген соң ба, шығандап барып «Асусайдың» аш кезеңіне үй тігеді. Бұл маған да жақсы. Қапырық сай табанында қалғанша, басы қандай! Етек жақ алақандағыдай анық көрінеді. Өрік-мейіз әкеле жатқан қойшы-қолаңдар да біздің үйді басып өтеді. Рақат!

Ал, нағыз рақат — екі-үш атты кісі біздің үйге аударылып түскенде болды. «Жидебайдан» қаптаған қойды

ертерек қоралауға асықтым. Алды келіп науадағы тұзға бас қойған соң, арты өрісте қалмайтынын білемін, үйге асығыс алқынып жеттім.

Сәлемім жылы қабылданды. Көруге асыққаным — көшпелі қызыл отау екен. Ат беліне айқыш-ұйқыш айкастырып тастаған қоржын толы кітап, қанжығада — домбыра. Домбыра! Кәдімгі мен қатты құмартатын домбыра. Шіркін, шерте білсем ғой! Қайда, ондай өнер маған қайдан бітсін, тәйірі. «Әбекеннің қара баласы қой баққанның мәнісін бізден артық біледі» деген көрші-қоландардың бағасынан басқа әзірге өнер жоқ. Содан соңғы бар қолдан келетіні, көкпаршылар соңына еріп, ат болдыртып қайту ғана.

Сонда сіз уыздай жассыз. Атты әскерде болып, сыптай денә түзеген кезіңіз. Әсіресе, даусыңыз...

Мен сізден бір ауыз сөз сұраған жоқпын. Сізден көп білетіндіктен емес, сізді көп білетіндігімнен шығар. Осынау бір ауылда өскендік, бір өзеннен су ішкендік, кейде бар ғой, адамдар арасын еренсіздік жібімен матап тастайтын тәрізді. Әйтпесе, неге біз Жамбыл ата жайлы жазбаймыз?! Әйтпесе, неге біз бүкіл әлем құрыш-құрышына отты жыры тарап кеткен ақындардың атасынан ақ бата алған жас ұрпақтарын — аруақты Жәкеңнің ақындық айналасын қазбаймыз?!

Ақын бағында жасырынбақ ойнап өскен, мәуелі алма ағашының қып-қызыл апортын ғашық қыздарға сыйлап ер жеткен еркебұлан тентектер шынымен небір ғаламат құбылыстарды ескере бермейді екенбіз ғой. Жер-дүниенің түкпір-түкпірінен, еліміздің ең қиырынан ат ізін салып, сабылып келіп жататын ақын ата музей-үйі түбінен күнде өтіп жүріп, ойға шомбайды екенбіз-ау. Жер түбінен әзер жетіп, ақын аулын жата-жастана дәріптеп жатпай ма жұрт осы. Жүз жасаған ғасыр құрдасының қойнына түнеп, әлдиін естіген қарасирақ балалар бүгінде дырдай-дырдай ауыл азаматы, ел басқарарды, мәдениет, әдебиет әлемінде, баспасөзде хал-қадерін-

ше қызмет істейді. Бірақ, адам деген қызық қой. Небір керемет оқиға ортасында жүріп, алысқа мойын созады, құрдымға құлақ түреді. Керемет қызықтың кенішін белден басып жүріп, бағасын білмейді. Біз де соның сыңарымыз. Әлемге әйгілі ақынның аулында тұрамыз. Яғни, Пакистанның аты әйгілі ақыны Файз Ахмад Файз Азия және Африка елдері жазушыларының Делиде өткен IV конференциясынан кейін Алматыға келіп, содан соң Жәкең музей-үйіне арнайы барып: «Жамбыл қазақ халқы сияқты өте бақытты адам. Жамбыл қазақ халқын бүкіл әлемге танытты. Жамбыл — қазақ халқының мақтананышы. Ұлы Жамбыл сықылды ақыны бар халық шын бақытты халық» деген ақын ата топырағында туғанбыз. Николай Тихонов «ақындардың атасы» атаған, Ромен Роллан, Рабиндрант Тагор, Алексей Толстой, Михаил Шолохов зор баға берген ақпа жырдың ата жұртында тұрамыз. О, мұнда жан түкпірінен табанда өлең-жырды суырып сап төпейтіндер қаншама еді! Бізге бұл өмірдің өзіне тән дағдылы құбылыстай көрінетін. Сарқылмайтын, сарыны күндіз-түні тынбай құлаққа кеп жататын Ұзынағаш өзеніндей мәңгілік нәрсе деп жүрдік. Солардың көзі Әлекең екен...

Жә, ағасы, қазақ үйге қонақ кеп түскен жайлаудың қоңыр кешіне қайта оралайық. Өйткені, бұл жайлау төрі дегеніңіз жер бетіндегі сұлулыққа, ұлылыққа сүйсініспен қарауды үйреткен көкмайса мекенім еді ғой менің. «Әу» деп ән айтпайтын әкем Әбділда да, арқар жусаннан арқасы босамайтын, қырғыз-қазақ әндерін керім шырқайтын шешем Рәзия да осы жайлаудан бақытын тапқан.

...Сол түні сіз салған әндер қаз-қалпында анамның жүрек нотасына түсіп қалғаны, оны қой шетіне күзетке шыққанда маған үйретемін деп сыбызғылатып салғаны қайда? Маған қатты ұнағаны күлдіргі ән — «Он алты қыз» болатын. Бұл неге «Қырық қыз» болмады екен деп киялдап едім сонда. Әлде қыз біткен қырымнан мойын

создырып, күнделік дәптерге тізіліп аттары жазылып қап жүрген сәттері дәл осылай ойлатты ма екен. Ғашықтық жырларын, махаббат иірімдерін тамсанып, масайып шырқайтын дер шағыңыз болатын. Домбыраны ұзақ шертіп, іштей күбірлеп кеткенде, қайсыбір ән ұстатпай, тілге оралмай отырған шығар деп едім. Олай болмады. Ешкімге жүгінбедіңіз, ешкімді қайталамадыңыз, көзді тара жұмып, терең тебіреніспен толғап кеттіңіз. Тек ыртқа, қайырымдар, иә Жәкеңнің, иә Кененнің, иә Үмбетәлінің үйреншікті күңіренісін еске оралтты. Майтөбенің мың сан бұлағы, жаужапырағы, кереге тасы, ұшар басындағы ұлары, рауғашы, біз баққан саулық отармен араласып өретін шаңырақ мүйіз арқары өлең болып өріліп жатыр.

— Бәсе, арқалы ақын осылай көсілмес пе, — деп көршіміз түйеші Әбу ақсақал насыбай шақшасына қол салды.

— Әке, Жәкеңнің Алғадайға арнауын айтшы, — деп енді Меруерт апамыз қолқалап қоймады.

Домбыра құлағы қайта бұралды. Қай-қайдағыны көкірек-көзге құятын зар-мұң сарыны сапырылысып кетті кеп:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба.
Сарыарқаны сандалсам.
Саңлағымды табам ба?
Сарғайып атқан таң ба екен,
Сарыаяқ болған бар ма екен.
Мінген де атың кер ме екен,
Кекілде аққан тер ме екен.
Жырға қосып шақырсам,
Алғадайдай боздағым,
Тәтемнің даусы дер ме екен,
...Орнымнан мен тұрайын,
Белді бекем буайын.
Келші, жақын, Әлімқұл,
Күндерім түбін сұрайын...

Арқар жусан мен тобылғы аралас жағылған қазан-ошақ асты әлдеқашан күлге айналған. Демек, көк түтін көзге тығылып, жасауратып отырған жоқ екен. Жақсы көретін үлкен баласы Ұлы Отан соғысы майданында ерлікпен қаза тапқан азалы ата жоқтауы отырғандарды жағалай жылатып тынды. Ақын көкірегін қарс айырған қайғылы оқиғаға нақ бір біз де тап болатындай-ақ түйешінің баласы Ырыскелдіні Меруерт шешесі, мені Рәзия апам тарс құшақтап, бауырына басып алыпты. Ұят-ай! Есейіп қалғандікі ме, екеуміз де бір түрлі ыңғайсызданып, құшақтан босап, сырғып, алыстап отырдық.

Сосын да ұзақ-ұзақ дастандар шертілді. Бірде Саурық, бірде Сұраншы батыр ат ойнатып, Алатаудың күнгеі мен теріскейін сырт жаудан қорғап жүрді. Өтеген батыр жезтырнақты шаштан алып, сабап, айдаһарды алмас қылышымен жасқады. Майтөбе жайлаған Жетісу елінің «Қарасайлап» ат қойғаны, патша әскеріне қарсы Бекболат батырдың айбат шеккені, бәр-бәрі сыр тұнған шанақ күмбірімен қосылып, құлақ құрышына шым-шым тарап жатты.

...Несін айтасыз, малшылар қолға түсіре алмай жүрген кітаптарын парақтап, жетісіп қалған жоқ па. Қойдың жайылымымен жүріп, көшіп-қонып үйреніп қалған сізге қарағанда жайлау жайын жақсы білетін малды ауылдың баласы емеспін бе?! Ертеңіне қасыңызға ере шығып, онсыз да белгілі қоныс атаулыны таныстырып жатырмын баяғы.

— Сонау көз ұшында көрінген, атты әскерлерге ұқсап сап түзеп тұрған тастың асты — Қарақыстақ өзенінің арнасы. Қарақияны, Құлансазды өзіңіз де көрген шығарсыз. Желдісай да, Қайрақты да малдың құйқалы жайылымы. Бір-бір бұлағын Қарақыстақ өзеніне жетелеп барып, құйып жатқаны тынбай. Қайрақтының қиясын ассаңыз, Қызылауызға құлднлайсыз...

Сіз күлдіңіз. Қойшы баланың бар білгені малды ауылдың өрісі, соны айта береді деп күлдіңіз. Қайта мен сізге Тегенбай жайлауын, Қарабастауды, Алаяқты, Ақтастыны, Жылқыбай кезеңін, Байшал тұғылын аралатпадым. Бұл жайлаулар Жәкеннің сан жылдар жыр толғаған қонысы. Тұлпардың тұяғы ізі түскен жайпақ тасты, арқар-елік, садақ-жебе салынған жартастарды көрсетемін деп қия тартсам қайтер едіңіз. Әрқайсысында әдемі атау бар мөлдір қайнар бұлақ сайын аттан түсіріп, тастап сумен бетіңізді жудырсам қайтер едіңіз?!

Сонда сіздің әлденені іштей күбірлеп, жұптап жүргеніңізге қызықтап та, таңырқап та қарадым. Шаттығы мол шалқар өріс шабыт шақыратынын ол кезде қайдан білейін. Мен бәрін де жаттап айтып жүрген шығар деп топшылайтынмын. Жоқ, мүлде олай емес екен. Суырып салатын өленді естігенім осы. Күні бойы малды ауылда, кымызды ауылда айтылған жыр-дестелерге құлағымның құрышы қанды. Аға, сіз ақын екенсіз ғой! Қағазға жазып, қайталап оқып жатпай-ақ шаңырақ астын тасқынды жырға толтырдыңыз. Күлмен Демеукұлов жылқышыларын бекер жинамаған екен. Тұрысбек пен Әскер кымызды ауылдың ең ерке балалары ғой, соларға дейін аузын ашып, құлақ түргені маған қандай әсер етті! Қос ішекке жалғасқан қоңыр дауыста бір керемет бар. Арғы-бергі ақындардың термелерінен тастап-тастап алып, сосын өз шығармасына көшетін нағыз ақпалардың жолы. Сол жолға сайланып шыққан жолаушы сіз болдыңыз.

Әсер деген қиын. Қиын болмаса, сізге ұқсап ән саламын, өлең құрастырамын деп әлекке түсермін бе? Не үнім шықпайды, не сөзім қиыспайды, ақыры ақ таяқты беліме көлденең қыстырып, қойымды жайып кете бардым. Шырқатып ән салмағанмен, бұрқыратып өлең шығармағанмен, қолынан осы егіз өнердің екеуі де келетін өзіңізге қызығып өстім. Енді қазір ойласам, сіздің ақын болмауға хақыңыз да жоқ екен-ау. Бүкіл тұла бойыңыз құрыстанып, қыран бүркіттей қомданып, жана-

рыңызға жалт-жұлт от кіргенде осылай деп те ойлаймын. Сосын барып, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың мына бір жазбалары жан тербейді: «Жетісудың жасыл жондарында жападан-жалғыз Жамбыл келе жатыр. Артында — қарлы басы көк тіреген заңғар Алатау; алдында — даланып құшақ ашқан дарқан дала; төбесінде — тұңғиық аспан; төңірегі жұпар аңқыған бөрте жусан...

Көңілінің қай-қайдағы құрыс-тырыстарының бәрі түгел жазылып, көкірегі жаздың көкпенбек аспанындай жадырай ашылып, көмейін бір сиқыр сөздер қытықтап, көңіліне шым-шым енген тұма суындай мөлтендеген өлең оралады. Арқасындағы домбыраға қолын сонда да созбайды. Ақын көңілінің қара шанағы өз-өзінен күмбірлеп келе жатқанда, қос ішекті безектетіп қайтсін...»

Өстіп, өмір бойы өне бойын өлең буған дала Гомері — Жамбыл атамыздың немересі қалай қара жаяу қалушы еді, бәсе. «Ән — халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі» (Жамбыл) дегендіктен бе, сіз мәдениет саласында қызмет істеген отыз бес жылдан бері періште қанат балапан жырлар сенімді серігіңізге айналды. СССР Мәдениет министрлігі атап өткен еңбегіңіздің өтеуі «Үздік жұмысы үшін» немесе «Автоклубтың маңдайалдысы» значогі ғана емес, халық құрметі. Аудан шаруашылықтарында ел дәулетін тасытып жүрген сан мыңдаған мамандық иелерінің жүрегінде сайрап жатқан жақұт жыр мен әсем әндеріңіз Әлімқұл Жамбылов деген атыңызды марапаттай түспей ме?! Сіздің омырауыңызда «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті белгісі жарқырайды. Өнеріңіздің озғаны міне, осы емес пе!

Рас, мен сізден бір ауыз сөз сұраған жоқпын. Оған сіздің де уақытыңыз бола бермейді. Мал төлдету, қой қырқымы, көші-қоны бірінен соң бірі қат-қабат келіп жатады. Жамбыл ата музей-үйі қасынан өтіп бара жатып та жарытып әңгімелесе алмаймыз. Жыл он екі

айда екі-үш мәрте ғана сәлемдесіп қаламыз. Одан арғы әңгімені іштей білеміз. Менің сол баяғы сіздің өнеріңізге тәпті қалпым. Өзгерген бір-ақ нәрсе — Майтөбені сағынатындығымыз. Алдымызда бір отар қойдың жоқтығы. Додаға түсетін, аударысқа мініп шығатын ерттеулі торы аттың көзден бұлбұл ұшқаны. Атпен емес, автобуспен жүретіндігіміз.

Ал, сізде ғой, өзгеріс көп. Ауданаралық, облысаралық ақындар айтысының шеңбері өсіп келеді. Оған мына хабарландыру куә: «Жұма күні кешкі сағат 6. 30-да М. Әуезов музей-үйінің залында (М. Төлебаев көшесі, 185 үй) қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің сабағын «Айтыс өнері» деген тақырыпта филология ғылымының докторы Рахманқұл Бердібаев өткізеді. Кешке айтыс ақындары — Мұқаш Байбатыров, Әсімхан Қосбасаров, Әлімқұл Жамбылов, Әбікен Сарыбаев, Надежда Лушникова, Тынышбай Рахимов және термешілер, күйшілер қатысады. Келем деушілерге есік ашық»...

Әрине, бұл ең алғашқы, ең соңғы өнер жарысына қатысуыңыз емес қой. Небір шопандар тойы, небір мереке-думан арқаңызды қоздыратынын білемін. Әсіресе, Жамбыл ата ауылы, Жәкең атындағы аудан думаншыл, сауыққой. Шеттерінен суырыпсалма. Бұл ауылдың өнерпаздық қасиетін ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те студенттер алдында ақындық дәстүр туралы лекция оқып тұрып, тілге тиек еткенін ұстаздарым айтқан еді. «Екейде елу бақсы, сексен ақын, жаратып мінеді екен ерттеп атын» — деген рас сөз, — депті Мұқаң, — Алматы облысындағы Жамбыл ауданына бара қалсаңыз, екі-екіден отыра қалып, қырманда, шабындық басында, мал баққан үйде әлі де болса ұстасып, айтыса кетуге құмар халық...»

Ал, осы сөздің көзбе-көз дәлелін алыстан іздемей-ақ, өз үйіңізге көз салыңызшы. Мұратханыңыз да, Мұратқалиыңыз да домбыра шертіп, ән салмай ма! Бекмұратыңыз алты жастамын деп асық ойнап жүрген жоқ.

Алдына домбыраны өңгеріп, өтірік өлең айтқанда қандай. Бәрі де осы өтірік өлең айтудан басталмаса нағылсын! Құлшәрия жеңгеміз қызылшадан шаршап, салдырап қайтқанда, күй күмбірімен, ән-жырдың әуенімен тыңайып сала береді. Өнердің күдіреті де міне, осында ғой! Жұбаныш, серік, көңілдің базары.

Сүйінбай, Жамбыл, Өмірзақ, Үмбетәлі, Әбдіғали... Дәл осылай саралай берсе, жыр сүлейлері бұл елде тым көп. Октябрь Отаны одан да көп таланттыларды дүниеге алып келді. Қазірдің өзінде осы ауданда қаншама жас ақындар бар. Жамбылдың туған немересі, Октябрь таңының талантты ұрпағы, арқалы ақын қоғам дәулетін арттырып жатқан дала қаһармандарына арнап автоклубтың әр сапарында жүректен шыққан ақық жырларын жұптап жүр десем, артық кеткендік емес, анық айтқаным шығар, аға!

Сіздің өнеріңіз малды ауылдың думаны, сәні. Әсіресе, бүгінгі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейқұт өмір салтанаты домбыраңызға ерекше күмбір қосқанын аудан малшылары, ауыл еңбеккерлері күнде көріп жүр. Сіздің автоклубтың қарасы көзге ілінгенде, жайлау сәні кіретінін бүкіл төрт түлікті төңірек біліп болған.

Қане, әуелетіп ән салыңыз, Әлеке! Күмбірлетіп күй шертіңіз, Әлеке! Төскейінде төлі өрген түкті кілем Майтөбе бауыры қойларын қоралап, тау суындай тасып аққан өлең-өзенін күтіп отыр ғой. Төгілтіп, төпей беріңіз. Шабыттың шаңқай түсінде ақберен жырлар тасып ақсын! Шопан қауымы қуана берсін!

Бұл менің ғана ауылдастық ақ тілегім емес, ақын аға! Бүгінде заман жақсы, советтік дәуір салтанаты барша өнердің өмірін ұзартып отыр. Шат тұрмыс, бақытты болмыс адам бойындағы тамаша қасиеттердің жарқылдауына жол ашады. Ал, сіздің бойыңыздағы бар құбылыс — ұлы ақынның ұрпағы дерлік таптырмас талант. Қырандай қомданып, сөз өрнегін табанда тауып жасау ілуде біреудің бағына бітер тозбас байлық. Ал,

сол байлықтан қазақ халқы кенде болып көрген емес. Дәуірден дәуірге ұласып, арқауы үзілмей ғұмыр кешіп келе жатқан жүрек толғауы — төкпе жырдың дәстүрі жалғасып жатса, қандай жақсы! Соның бір суыртпақ жібi сiздiң домбыра iшегiмен iштей қабысып, жүрек түк-пiрiнен ширатылып шығатын сықылды. Күмiс бұлақтай күмбiрге қосылып толғар қоңыр дауыс халық игiлiгi дерлiк өлең-өнердi естiр құлаққа құяды-ай келiп. Сонда бiр кереметтей мақтаныш сезiм баурай түседi. Дәл сондайлық сөз iнжуiн тереңнен сүзiп, қас пен көздiң арасында жанынан шығарып ұйқастырып жыр төккен халқымыздың қанында қандай ғаламат қасиет бар едi десеңiзшi! Нақ сол қасиет Мұхтар Әуезов «Жетiсу ақындарының алтын дiнгегi» атаған Сүйiнбайда, «менiң пiрiм Сүйiнбай» дейтiн Жамбылда, Жамбыл ата сарқытын iшкен немересi Әлiмқұлда атой салады. Тек сол өнер оты мәңгiлiк өшпесiн, ақын аға!

Бүгiн сiз алыс мал жайылымын аралап жүрген Аманкелдi атындағы совхоздың және бiр талапкерi сiзге елiктеп ән салып, күй шертсе, жанынан өлең шығарса, оған тандануға болмайды. Ол сiздiң шәкiртiңiз Жолдасхан Құрамысов, Жiбек Жарқынбаева, Жұмабай Шаштайұлы сияқты ақындар айтысына қатысып, оза шапқан өнерпаз атанары анық. Ал ақын аулына өмiршен өнер қашанда жарасқан ғой. Алпыстың асқарынан асқан шағыңызда республикамызға, елiмiзге арнаған жүрекжарды жырларыңызды жаттап алып өзiңiздiң алдыңызда домбыраға қосылып айтып беруге асығамын. Өйткенi мен сонау Майтөбе жайлауындағы шырқалған әндi әлi ұмытқамын жоқ. Сол ән, сол жыр бүгiнмен жалғасып жатқандықтан да ұмытпайтын шығармын. Себебi, мен өнерiне өмiрлiк ғашық болған ауылдас ақын ұстазымсыз ғой. Қапелiмде бiр домбыра үнi естiлсе, шопан бiткендi ән шуағына бөлеп отырған автоклуб меңгерушiсi ме деп қаламын.

— Қыранның қанатын берсін саған, — дейді тыңдаушыларың дән риза болып.

— Айтсын.

— Алатауға арқанды сүйеп, сүйікті Отанды жырлай бер, Жәкеңнің тұяғы, — дейді ақсақал біткен бетін сипап.

— Рақмет, дегдар аталар, рақмет!

— Одағым — бақыт ордасы, — деп жырлаған Жамбыл үнін естігендей болдық, қарағым. «СССР — 60» толғауың тұнған ерлік. Мызғымас достықтың даусы. Ерікті елдің жүрек дүрсілі. Даусың талмасын!

— Қанатың талмасын дедіңіздер маған, демек даусым да талмаса керек, — деп қомданып қойдыңыз. Енді жаңа бір ән, жаңа бір жыр туады.

Мен сол әндерді сондай сағынып жүремін. Қойлы ауылды аралап кеткен шығарсыз тағы да.

ПЕРНЕДЕГІ ПЕРЗЕНТТЕР

Үйге қыры жоқ болса да, Төкең қоғам жұмысына дындай. Автоклуб қапталында көрнекі құрал ретінде оның суреті басылған тәжірибе-плакат жапсырылып жүреді. Демек, оны бекер марапаттамайды деген сөз. Өзі әйтеуір әр сапарым олжалы болды деп отырады. Олжасы кейбір пысықтар сияқты бағалы бұйымдар емес, қайдағы бір күй иірімдері, таба алмай, іздеп жүрген тақырыптары...

Бірде қуанышы қойнына сыймай қайтты-ау. Көп ашылып, сыр ақтара бермейтін Төкең төргі үйде төгілтіп күй шертті. Баппен, бас-аяғын қайыра отырып бір құйтырқы бүлкілге басты дерсің. Май табандар тайрандап билей ме-ау, жануар тұяқтары жер дүбірлетіп жорта ма-ау, әйтеуір әрі таныс, әрі бейтаныс сиқырлы әуен көкірегіңді кеулеп, тұла бойыңды шым-шым аралап кетеді.

Қалайда бір әдемі ырғақ көңілдің құртын жейтінін сезген үйдегі қосағы:

— Мына бір мүлде бөтен шертіс тауыпсың ғой, — деп әзіл-назын қос қабаттап айтты.

Өңінен ішкі буырқаныстары әсте біліне бермейтін балалардың әкесі өзімен-өзі болып отыр. Қарапайым қалпы күйған мүсіндей мызғымайды. Андаған адамға жақ сүйектері қарысып, анда-санда ғана шеке тамырлары болар-болмас бүлк-бүлк қозғалып қалатын сияқты. Басқа белгі жоқ. Ішкі дүние ғана астаң-кестең, алай-түлей. Ол құбылыстарды қос ішектің дірілі бебеу қағып жариялап жатқандай.

— Малды ауылға түйеге мініп бардық, — деп енді мән-жайды ашып айта бастады. Жаңағы тартысы көңілге жол-жөнекей ұялаған туындыны бір желіге түсіріп, пысықтап жатқаны екен. — Біз даланы боз інгенмен аралап, шопандар аулын разы еттік.

Көп айтып жатсын ба, сосын қайтадан күй тартып кетті.

Боз дала ұшы-қиырсыз көсіліп жатыр. Сарыбас құрайға қонып алып, даланың жыршы құсы бозторғай дамылсыз шырылдайды. Боз інгенге мінгескен автоклуб шофері мен меңгерушісі. Екі адам түйемен ізектеп пен далада келеді. Бұйдасын сілкіп қалса, жануар, ойсыл қара тайрандап кеп желеді, бірауық бүлкілге басады. Құба жонда қанатын талдырып құс ұшады, сағым ойнайды, ақселеу толқиды, төрт түліктің шұбырынды іздері айқыш-ұйқыш айқасады. Тоқсан тарау жолдар сан тоғысып, жан-жаққа алып қашып, сан саққа сайрап жатыр. Не көрмеген көне жер?! Небір ауыр тағдыр кешкен кәрі қоныс қайта түлеп, қайта туып, жасарып, жаңғырып алған. Дөң асқан сайын «Ассалаумағалейкумын» айтып, алдыңнан шығатын шопан аталар шаттығы нұр ойнаған жүздерінен атой салып тұрады.

— Бізге қонып кетіндер, — дейді кезіккен қойшы біткен қолқа салып.

— Өзіміз де осы ауылды туралап келе жатырмыз, — дейді олар.

— Қас қарайды, күн батты, қайда асығасыздар, — дейді атағы алысқа кеткен домбырашыны дамылдатқысы келгендер концерттен кейін қиылып.

— Анау белдің астындағы қойлы ауыл да автоклубты асыға күтіп отыр ғой, — дейді олар.

Қысқасы, қай қотанға барса да, бауырындай құшақ жая қарсы алып, төбесіне көтеріп алады. Желмаяға мінген Асан қайғы бабасындай ел аралаған қандай ғажап! Әсіресе, бүгінгі шопан аулы жер ұйығын жайлап жатқан іспетте. Жағасы жайлауда мамыражай тұрмыс салтанатындағы малсақ жандар көңіл күйі, ыстық ықыласы, тоқ пейілі кең даладай мейірінен, көл-көсір дастарқанынан асып-төгіліп аңғарылады.

Ұзақ күнде боз інгеннің бүлкіліне ілесіп көкейде бір күй қозғалған. Екі өркеші баладай жануар да үстіне бір автоклубтың жүгі артылғанын сезінгендей әдемі жүрістерінен жаңылған жоқ. Түйе қомында тал бесіктей тербетілген бірыңғай бүлкілден бір түрлі рақат күй кешкен қос жүргінші ойлары әр тарапты шарлайды. Шофер ойлайды: «Әлгінде бұзылып қалған машинаны әлдекімдер шұқылап, бір нәрсесін қолды қылмаса, мына теңдеп алған киноленталары үзіліп қалмай малды ауылға аман есен жетсек», — деп. Меңгеруші ойлайды: «Кинолента табақтары темір ғой, домбырам майып болмаса», — деп.

Жұрт киносын көріп, лекциясын тыңдап алған соң, Төкеңе міндетті түрде күй тартқызады. Осынау даланың өзіндей маңғаз домбырашы тыңдаушыларын тырп еткізбейді-ау, тырп еткізбейді. Қамшының сабындай мығым саусақтар қос ішекті жебіндідей қақтап сауады-ай келіп. Қызыл шанақ иіп сала бергендей — жүрек қылын шерткен арман, зар, мұң, қуаныш, шаттық, салтанат — бәрі-бәрі аралас сезім нәсерлері құйып кеп береді. Созақ жері күймен суарылған ежелден. Соның бір мұрагері мына отырған қорғасын салмақты, қола мүсін күйші.

Былай қарасаң, міз бақпай шертіп, суық түстенеді. Әлдекімдерге ұқсап күй ырғағымен ылдй-төмен теңселіп, бүкіл денесімен билеп кетпейді. Бөгде бір құдіретімен қаумалай отырғандардың бойын балқытып, еркінен айруға бар өнерін салатын сықылды.

Бүгінгі келістері мүлде бөлек. Автоклуб машинасы сынып қалып, шофері екеуі алыс отарларға түйемен тартты. Мұндай оқыс жайттарға тап болу таң емес оларға. Салт атпен де келіп талай-талай қойшылар әулетін көңілдендіріп қайтқан күндер есте. Бірақ, дәл бүгінгідей боз інгеннің бүлкілімен бүкіл аудан малшыларын аралап шығу сәті түсе бермес сірә де.

Бұл сапар жүректен жыр болып туса керек, ән болып ұшса керек, күй болып төгілсе керек! Төлеген күй тілімен сыр айтпақшы. Боз інген бүлкілі перне бойлап қос ішекке қозғау салмаса қане! Жазира өлкені жалпағынан басып жалғыз түйе желмаядай желеді. Қомында киноқондырғы, қос-қоланы — күй... Тоқаның күйі, Сүгірдің күйі, Дәулеткерейдің күйі, Тәттімбеттің, Құрманғазының күйі, Әбікеннің күйі, Төлегеннің өз күйі. Тіпті қазақтың күйі — жалпақ елдің күй қазынасы түйемен көшіп келе жатқандай...

Мінгесіп-ұшқасып келе жатып бүкіл жол бойы Төлегеннің көкірегіне бір көшелі күй ұялаған. Жүрек лентасына жазылып қалған ғажап әсерлер домбыра пернесіне оп-оңай-ақ көшірілді. Қос ішекті күмбір-күмбір қаққанда мынау алқа-қотан отырған бір-бір отар иелері түйе қомында туған жаңа күй — «Боз інгеннің бүлкілін» тұңғыш рет тыңдады...

— Су... су әкелші... — деді құр сүлдесі жатқан жабырқау жан күйзелісті күйінен хабар беріп. Құйтақандай қыз тырп-тырп басып барып, мейімдеп толған кесені аузына тақады. Қабарған өнін жылытып көзінің ақпен қарасындай қызына мейірім танытқысы келіп жымыған болды. Онысы әурешілік екен. Жанарынан от қашқан әйелдің жүзіне жылу үйірілмей қойды. «Әлгі әкен

Жүрек құрғыр әлденені сезетін сықылды. Көрші-қолаң да көбірек жиналып қалған ба, құдай-ау...

Төлеген төргі үйге тура тартты. Мына қораланып тұрған адамдар енді қашан бас салып «ой бауырымдар» екен деп күткен. Әйтеуір ешкім көрісе қоймады. «Тірі екен, тірідей көрсем екен». Ендігі бар тілегі осы ғана.

Пернеш ыңырсып, ыссылап, керіліп-созылды. Аяқ-қолын мазасыз қозғап, бүкіл тұла бойын дамылсыз діріл басып кетті. Төлеген шыдай алмай: «Бақыл бол, жаны-е-е-е-ем... ренжімей кетші, көп жылғы қосағы-е-е-ем...» — деп келіншегінің басын сүйей берді...

Үзақ жыл отасқан, бауыр басқан, өмір қосқан қайран қосақ! Көзі жәудіреп қаншама жыл төсек тартып, ауырып жатты. Әсіресе, әй, дүние-ай, десенші, дәм-тұзы таусылар кезде балапандарын бауырына басқан ана қаздай балаларын құшағына алып, құшырлана қысар еді. Айықпас дерт құрсауына іліккен есіл ана ажал тырнағынан құтылар шара жоғын біле тұра қара шаңырақтың түтіні тұзу шықсын деп тілеп жатты. Бала-шағаның нәсібі таусылмасын деп тілеп жатты.

Қатал тағдыр көз жасына қарай ма?! Үйдің құт-берекесін көп көрді де, алып тынды. Төлеген көңілі құлазып, күн өткен сайын көкіректен бір күңіреністі тыңдайды. Ол күңіреністі сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Анасын іздеген сәби мен қосағын жоқтаған жар мұны. Міне, осындай сәттерде қалай ғана қол созбассың жан серік домбыраға!

Төлеген төрде төсек үстінде отырып бірде қос ішекке қол салды. Қабырғаны қақыратар қайғылы қағыстар, аза бойды қаза етеді. Діріл қаққан қоңыр үнді ішектен көздің жасы бұршақтаған сықылды.

Пора-пора болып жылап отырып тартқан Төлегеннің қолындағы домбыра үні бір кезде «дың...» деп барып кілт үзілді. Үзген көршісі екен. Мұң сапырған домбыраны күйшінің қолынан жұлып алған адам:

— Қойшы енді, сай-сүйегімді сырқыратпай, қойшы енді... — деді.

Төлеген жасты көзі шарт жұмулы қалпы бір күйді күңіrentіп шерте берді, шерте берді. Бұл тебіреністер көңіл нотасына жазыла берді, жазыла берді. Кейін бұл күйді өзі «Қоштасу» деп атады.

Ойпыр-ай десенші! Отыз жыл отасқан сүйген жар күйігі күңіrentпей қоймайды. Ана артында бес қыз, бір ұл қалды. Сүт кенжесі Салтанат анасының о дүниеге аттанар сәтінде аузына бір қасық су тамызуға ғана жарайтын жаста еді. Ең әуелім соған обал болды. Шырқырап қатты іздеді. Әлгі халық даналығы айтатын: «Әкесіз жетім — жарты жетім, шешесіз жетім — нағыз жетім» деген рас сөз екен. Әшейінде үй тірлігіне қыры жоқ Төлеген барлық ауыртпалықты мойнына алды. Алты бала қолына қарап қалған әке енді қайтушы еді?!

Әйел заты үйдің берекесі екен ғой, тәйірі. Төлегеннің иығына ауыртпалық түскенде соны ұқты. Алты баланы асырауға болады, ел іші, заман жақсы, бірақ олардың бас-аяғына қарап, күтіп, бағу ғаламат қиын екен тіпті! Тағдыр мұндайды ешкімнің басына түсірмесін де! Үйелмелі-сүйелмелі анасыз жетім — панасыз балапан сықылды ма қалай өзі. Әке жүрегі осыны сезді. Әсіресе, сүт кенже Салтанаттың бір күні солқылдап, есі кетіп жылағаны-ай! Анау-мынау үй тірлігімен болып жүріп, Төлеген кенже қызына «қой, қоя ғой, жылама» деуге де мұршасы келген жоқ. Оның үстіне балалардың арасына түскеннен жаман нәрсе бар ма. Ал, Салтанат болса өздігінен қояр емес. Өксіп-өксіп жылайды. Тіпті, бала даусы сүйегінен өтіп бара жатқан соң, үйге кіріп жуатпақ болды. Сөйтсе, әкпелерімен қақтығысып қалыпты. Олар үлкендігін жасаған.

— Кім тиді күніме, кім? — деп жорта айқайлап кірді үйге. — Салтанатқа қожандағандарыңды қашан қоясыңдар осы сендер, ә?!

Жан ашыр сөзді арқаланып тіпті даусы бұрынғыдан да үдеп кетті. Содан кәне қойсайшы! Бүкіл денесі селкілдеп, бетін басып тұр. Төлеген қуыршақтай қалқынып, шаштары үрпиіп қалған қызын тік аспанға көтеріп алып, бауырына басты. Сәби жүрегі тетелестерінің болар-болмас бір қиқарлығын сылтау қылып, аяулы анаға деген сағынышын сыртқа шығарып жатқандай. Қызын құшағына қысып, жоғары көтерген бойда Төлеген төргі үйге өтті де, төсекке сылқ етіп отыра кетті. Асқар таудай әке кеудесіне басын қойып, қапсыра құшақтап қатты да қалды. Сол бойда — солқ-солқ өксіген бойда баламысын деген, ұйықтап кетті.

Көкірегін қарс айырған кішкенесінің мына қылығы алай-түлей ой толқынына батырды. Сондай сәттердегі көңіл күйдің аласапыранын домбыра үні ғана дәл жеткізетін сияқты. Өмірлік сырласы — тоғыз жасынан үйір болған бала досы домбыра «міне, мен мұндамын» дегендей үкілі басы желкілдеп, көз тартады. Орнынан самарқау созылып тұрып барып, қабырғада ілулі тұрған қызыл шанаққа үнілді. «Кейінгі кезде көңіл хошың жоқ қой» дегендей домбыра даусы тым жабырқау, қамығып естілді. Бар дірілді бойына жиған қос ішек бұрауы құлазыған көңілдің кілтіндей бабында екен. Төлеген домбыра құлағына қол апарған жоқ. Салған жерден ауыр, аянышты үн шығара ішекті шертіп-шертіп жіберді. Шанақтың ішіне қашып тығылып, шырқырағандай жас баланың зары құлақты тұндыра ма-ау, ақ жаулығы желбіреп алысқа ұзап бара жатқан ана қол бұлғай ма-ау, бауыр еті баласын бауырына басып, қам көңіл әке тұнжырай ма-ау, қалай да әйтеуір бір-біріне деген қамқор жандар жан тебіренісі, қимас көз жасы, жүрек сағынышы қоңырлап, барша пернелерден құйылды келіп. Әйелі қайтпас сапарға кеткеннен кейін омырылып отырып тартқан күйінің және бір жалғасы сияқты сағыныш күйі мұңға толы еді. Және бұдан бір ғана Салтанат емес, қапияда анасынан айрылған бүкіл бала мұңы, ше-

ше емшегін жоқтаған, ана омырауын аңсаған пәк сәбилердің үні естіледі.

Егіле босап отырып, шанақты «қақтап сауған» шерлі саусақ иесі заматта «Салтанат» күйін әкелді. Ең бір ауыр сәттегі жан толғанысы әбден қалжыратты. Салтанат боп жасты көзімен сөйлеген домбыраны төсектің басына сүйей салды да, дел-сал қалпы сыртқа бет алды. Шығып бара жатып сәби бетіне үңілді. Әкесі осы қазір ғана жаңа бір күй әкелгені ойына кіріп, шығатын емес. Танауы пысылдап, балбырап ұйықтап жатыр. Бағанағы өксігі басылып қалған екен. Шіркін, сәбидің тәтті ұйқысын-ай десеңші! Сол жыламаса, сол тыныш ұйықтаса деп ата-ана байғұс бәйек болып жүргені.

Қуанышты да, қайғыны да қақ бөліскен бұл домбыраны баяғыда мүлдем тартпай, тастап кетпек болды-ау. Соғыстан жараланып, елге қайтқанда анасы қатты ауырып, хал үстінде жатыр екен. Ақыры содан тұрмады ғой. Көз жасы мөлтілдеп, жәутендеп жатып жарық дүниеден қайтты ғой жарықтық! Арқалап өтсем арманым жоқ дейтін есіл ұл көңілі құлазып, күрт сынды-ау сонда. «Тәңірім-ай, жауын жеңіп, қайта оралып үйіріне аман-есен қосылса екен», — деп тілеген ғазиз ана баласын көріп, сосын көз жұмды. Байғұс шеше не көрді? Баланы асырап, баққан азаптан басқа бір рақат көрмей өтті де кетті өмірден. Сондағы жылдар ауыртпалығы да арқаға аяздай бататын. Көкірек-көзі ояу өнерпаз жігіт келе-ақ елдің жиі-жиі бас сұғар ең бір сүйікті орны қызыл отаудың жұмысын дөңгелетіп әкетті. «Шіркіннің домбыра шертісі-ай, саусағынан сыр төгіледі», — деп тамсанып отырар еді таңданған жұрт. Бірақ, кейбір үлкен кісілер «Әй, осы баланың домбыра күңіренісіне тым беріліп кетісі жаман, ақыры қалай болар екен?» — деп те қалатын.

Анасы ауырғанда оңаша отырып мұнайып, жан күрсінісін қос ішекке айна-катесіз түсіріп, домбырасын деміл-деміл шертіп, уайым жеп қалатыны бар-ды. Кейде

домбырасын бір ішектеп шертіп, үзіп-үзіп дірілдеткенде-перне бойынан «аһ» ұрып қайғырған жанның көз жастары тарам-тарам ағып, тырс-тырс тамып жатқандай әсер қалдыратын. Мынау төсекке танылған ақ жаулықты ананың ақ шүберектей о дүниелік әлсіз қалпы онсыз да көңілге үрей ұялатып, жан қинап жүргенде, жараланып әскерден қайтқан арыстай ұлдың жаман ырым бастап, домбырасын зар күйіне түсіріп, ыңырантып отыруы жанына жақпаған бір жақын ағайыны қатты айтып тастады.

— Қарағым, аңырап жылаған қаралы ананың даусындай екен. андағынды тасташы әрі, — деді ағайын қнылып сұрағандай болып. — Құмарлықтың да шегі бар емес пе, тәйірі. Даусы жаман кәпірдің, жылап қалмасаң жарады...

Ағайынның аузына құдай салды ма, расында, ол кешікпей-ақ жылап қалды. Әлгі кісінің айтқанын шынымен-ақ көңіліне алып, көпке дейін домбыраға жоламай кетті. Әй, бірақ, дүниеде жаныңа жақын өмірсерігіңе өкпең жүрмейді екен. Үйге кіріп, шығып жүріп сонау қабырғада қаңқайып ілулі тұрған үкілі домбыраны көзге ілмеу деген қиын ғой. Көңілі соқыр пенденіз не демейді?! Төлегенді тоғыз жасынан бері терсінді болып келген жан серігінен ажыратпақ. Қаратау өңірінің шертпе күй тәңірлері Тоқанын, Сүгірдің, Бапыштың мұралары «мені тарт, мені тарт» деп көкіректе күмбірлеп жатса, қызыл отаудың ішін әсте босатпайтын өнер сүйген қауым қос ішектің даусы сембесе екен деп тілейді.

Жоқ! Төлеген домбыра тартпаса тұра алмайды екен! Қос ішекті үнсіз қалдыруға жүрегінің әмірі де жүрмейді екен. Жалғыз оған емес, мынау күй құмар көпшілікке де оның қоңыр қаздың үніндей қазақы домбырасы қажет болды. Күй төресін аңсаған ауылдастары қолқалай бастады. Оның өзі де сығымдай ұстар сыр мінез сағақты сағынды. «Қой құрсын, басқа дүние маған соқыр тиынға да керегі жоқ. Өмірімнің қызығы, дабырасы домбырам-

ды қайта қолға аламын. Тастамаймын. Тарта беремін, тарта беремін. Онсыз маған дүние құлазып қалған кү дала. Өмірімнің нұры, көңілімнің гүлі екен ғой домбырам менің!»

Шанақтан күй сапырмауға қырық күн ғана шыдамы жетті. Әзіз ана қырқын берген соң сағыныш күй топанын селдетті. Көңіл түкпіріндегі ең жақын деген адамына арналған уыз сезім шуақтары себезгіледі. Жан толғанысы астыңғы-үстіңгі ішектерге алма-кезек ауысып жатқан саусақтар арқылы сыртқа сыр айтады. Төлеген анасын сағыныпты. Қоңыр үні өн бойына емшек сүтіндей дарыған домбырасын сағыныпты. Бебеулеген қос ішек солай деп тұр. Ана бейнесі көз алдына келіп, әлденені аманат етіп жатқандай ма, қалай, «Мынау өмірге, ақ жүректі адамдарға адал бол, өзің сүйген өнеріңе адал бол!» — деп алақанын жайып, ақ батасын бергендей ме құдай-ау! Неде болса бұрын-сонды тартылмаған, бұрын-сонды естілмеген дүние болды мынау деген!

Қойшы әйтеуір, қос сағыныштан туған жүрекжарды көңіл жырын «Анама» деп атаған жас тырнақалдысына ең алдымен ауылдастары қол соқты. Бұл — ақжолтай күй екен. Артынан толқын-толқын күй ерді. Көңіл құсы құйқылжыған қилы-қилы кезеңдерінде домбыра пернесіне шымыр-шымыр тұнған сезім иірімдері — қазіргі таңдағы қырық шақты күйлердің несі Төкенді ауылдағы халық композиторы дәрежесіне көтерген де аяулы анаға деген арнаулы алғашқы туындының авторлық мандаты еді.

Әнеки, күй де көңілдің перзенті. Одан домбыра пернесіне ауысып, соның перзентіне айналады. Осы егіз бесікте тербетіліп күй-сәби дүниеге келеді. Әдетте ол әсердің әлдінінен туады. Көкірегінде құйттай сәулесі бар адам айнала толған әр түсті әлемнен тақырып таңдайды. Ол өмірлік өмір нәрі. Автоклубымен сапарға аттанған Төлеген үшін солай әйтеуір. Ұзақ жолдан оралған сайын қалайда бір соны, жаңа шертіс тауып қайтады. Оның